МАУСЫМ АЙЫНДА «ЖЕҢІС» ЖОБАСЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ 4-бет

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№36 (2544) 19/05/2020 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

**Павел СОКОЛОВ,**
**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ ПО ЛОГИСТИКЕ АО «НК «ҚТЖ»:**

**«В УСЛОВИЯХ ЧРЕЗВЫЧАЙНОГО ПОЛОЖЕНИЯ НА ТЕРРИТОРИИ РК СОЗДАЮТСЯ БЛАГОПРИЯТНЫЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК КАЗАХСТАНСКИХ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ, В ТОМ ЧИСЛЕ ВЕДЕТСЯ АКТИВНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО С РЖД ПО РАЗЛИЧНЫМ ЛОГИСТИЧЕСКИМ ПРОЕКТАМ И РАЗВИТИЮ ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК ИЗ КИТАЯ И СТРАН ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В РОССИЮ»**

МӘЙЕКТІ МӘСЕЛЕ

Бір жарым ай уақыт карантиндік шектеу шараларынан кейін 15 мамырда алғаш рет елімізде барлық теміржол вокзалдарында жолаушылар пойыздарына билеттер сатыла бастады. 1 маусымнан бастап ішкі теміржол қатынастары кезең-кезеңімен қалпына келтірілмек. Осыған орай "Нұрлы жол" вокзал кешеніне жасалған пресс-тур барысында вокзал басшылығы мен "Жолаушылар тасымалы" АҚ өкілдері журналистерге мәлімдеме жасады.



# БИЛЕТ КАССАЛАРЫ АШЫЛДЫ

**Райхан РАХМЕТОВА**

– Коронавирус індетінің таралуына жол бермеу үшін Көліктегі бас мемлекеттік дәрігер пойыздар мен вокзалдарда санитарлық-карантиндік режимді қамтамасыз ететін бірқатар талаптар енгізді. Атап айтқанда, жолаушылар тасымалы саласындағы Санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің негізгі уақытша санитарлы-карантиндік нормаларына сәйкес жолаушылар теміржол вокзалы ғимараттарында маскамен және бір-бірінен 1 метрден кем емес арақашықтықты сақтап тұруы керек. Вокзал кіреберісінде жолаушыларды тексеру үшін байланыссыз термометрия жүргізіледі. Дене қызуы жоғары адам вокзалға кіргізілмейді. Вокзал аумағында тұрған адамдар арасында әлеуметтік қашықтықты ары қарай да сақтау үшін еденге қашықтық белгілері сызылып, касса залдары мен күту залдарында орналастырылған орындықтарда





қашықты сақтау туралы нұсқамалар белгіленген, қабырғаға тақырыптық флаерлар ілінген. Жолаушылар үшін белгілі қашықтықпен санитарлық нормаларды сақтау қажеттігі туралы ескертпелер вокзалдардағы аудио және бейнетарату құралдары арқылы да жүргізіледі, – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясының вокзал шаруашылығы жөніндегі атқарушы директоры Жұбан Көрпебаев.

Бүгінде ауа ылғалдылығы мен температурасының қолайлы жағдайын қамтамасыз ету үшін ауаны тазалап, желдету жүйелерін жуу, зарарсыздандыру, сүзгісін ауыстыру арқылы ревизия жүргізу жұмыстары басталған. Вокзалдарда табиғи желдету мүмкіндіктері арқылы барлық ғимараттар 15 минуттан күніне 3 рет тазартылып отырады.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ маркетингтік сату департаментінің директоры Алмас Жандарбекұлы әлі де індет қаупі сейілмегендіктен вокзалда адамдардың өзара байланысын барынша төмендету үшін билеттерді BILET.RAILWAYS.KZ сайты, «ҚТЖ билеттері» мобилдік қосымшасы, өзге де сайттар мен өзіне өзі қызмет көрсететін автоматтар арқылы алуға кеңес берді. Сондай-ақ бұрын рәсімделген билеттерді ретімен, билет кассаларында жаппай кептеліс туғызбай өткізу керек.

– Үш кезеңмен билет сату басталды. Бірінші кезеңі бүгін ашылды. Қазір Қазақстан бойынша 179 билет кассасы тек күндізгі уақытта жұмыс жасап тұр. Дәл бүгін 15 мамыр түске дейін елімізде 23 мың жолаушылар билеті ішкі қатынас бойынша сатылды. Пойыздар карантин жағдайындағы Атыраудан басқа жерлерге жүре алады, бір айта кетерлігі, 1 маусымда пойыздар жүре бастағанда вокзалдарға жолаушыларды шығарып салушылар кіргізілмейді. Пойызға мінетін адам жол жүру құжатын көрсеткен соң ғана вокзал ғимаратына кіре алады, – дейді ол.

Теміржолшылардың денсаулық жағдайына қатысты қатаң талаптар қойылып отыр, атап айтқанда, барлық қызметкерлер ауысым алдында термометриямен міндетті тексеруден өтіп, жеке/қоғамдық гигиена ережелерін сақтауы қажет. Сонымен қатар COVID 19 кезінде жеке қорғаныш құралдарын пайдалану алгоритмі бойынша міндетті нұсқаулықтан өтіп, оларды бұлжытпай орындауды қадағалау – теміржол вокзалдары мен пойыздар қызметкерлеріне қойылатын қатаң талап. Вокзалдардың барлығында жолаушылар қолымен ұстайтын терезе, қабырға, еден, есік тартпалары, тұтқалары, орындықтар мен өзге де жерлерді зарарсыздандыру, жиі тазарту арқылы күшейтілген санитарлық режим қамтамасыз етілетін болады. Қазіргі таңда еліміздегі вокзалдарда масканың 1,5 айлық қоры бар көрінеді.

Билет алып жатқан жолаушылар да бұл жағдайға түсіністікпен қарайтынын білдірді. «Қызылорда облысының Тереңөзек станциясына билет алуға тұрмын. Билет бұрынғыдай сатылып жатыр. Вокзалда қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау талап етілуде. Тек қана бір дәлізбен кіргізіп, бір дәлізбен шығарып салады. Маскамызды тағып, билет кассасына кезекке тұрғанда едендегі сызылған белгі бойынша арақашықтықты сақтап тұрмыз. Бәрі де қауіпсіздік үшін екенін жақсы түсінеміз, сондықтан талапты бұлжытпай орындауға мүдделіміз», – дейді кезекте тұрған Асқар Жақыпбек есімді елорда тұрғыны.

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*

АҚПАРАТ

## КӨКТЕМГІ ЖҰМЫСТАР КҮШІНДЕ

**Биылғы көктем теміржолшылар үшін оңайға соққан жоқ. Күннің жылынуымен қат-қабат қолға алынатын қыруар жұмыс елдегі жарияланған төтенше жағдаймен тұспа тұс келді. Соның ең маңыздысы көктемгі жол сауықтыру жұмыстары.**

Шымкент магистралдық желі бөлімшесі карантин жағдайында да жол күтіміне байланысты жұмыстарды тоқтатқан жоқ.

Атап айтқанда, жыл басынан бері 1,624 км түйіспелі жолдың рельстері ауыстырылып, оған 10 685 мың теңге жұмсалған. Оның ішінде ПЧ-53 Шымкент жол дистанциясына тиесілі – 0,418 км, ПЧ-54 Арыс дистанциясы бойынша – 1,20 км жол қамтылған.

Шымкент жол дистанциясы бойынша Ынтымақ-Манкент өткеліндегі тақ жолдардағы плеттер ауыстырылды. Барлығын қосқанда 156 метр жол табаны сауықтырылды Көмекке, әрине ауыр типтегі машиналар келіп, кешенді жұмыстар



атқарылды. РМ машинасымен 18,040 шақырым жол тазаланды. Ал Унимат машинасымен 26 бағыттама бұрма тазартылды. Дуоматпен - 44,150 км, ДГС-43,0 км, ПБР-26,8 км, МКТ40 -10,050 текше метр, ал ПРБ-23,540 км жұмыстар осы аталған машиналармен атқарылды.

Арыс жол дистанциясы бойынша атқарылған жұмыстарға келсек, мұнда Ақдала-Арыс-1 өткеліндегі 518 метр тақ жолдардағы плеттер ауыстырылған. Бұдан бөлек, Арыс-1 станциясында ескі көлденең рельстер ауыстырылды. 250 метр жол табанында жатқан ескі Р-50 рельстері алынып тасталып, орнына жаңа Р65 рельстері төселді. Сондай-ақ, жол дистанциясы бойынша Дезикпен 10 бағыттама бұрма, Униматпен 4,086 км, ПРБ-6,5 км жұмыстар жасалды.

Жалпы, қалыптасқан жағдайға қарамастан жол шаруашылығы өзіне бекітілген жұмыстарды дер кезінде орындап жатыр.

*Жан ПЕРДЕБЕК, Түркістан*

ПЕРЕВОЗКИ

# РАБОТА ИДЕТ ПО ПЛАНУ

Несмотря на определенные трудности в связи с карантином по коронавирусу, грузоперевозки филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» по Уральскому региону с начала года идут с перевыполнением плана. Коллектив работает слаженно, повышая количественные и качественные показатели эксплуатационной работы.

**Анна ПАНИЩЕВА,**
*Уральск*

Напомним, АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актобинское отделение ГП» по Уральскому региону расположено на стыке с Приволжской железной дорогой по станции Озинки и Южно-Уральской железной дорогой по станции Илецк. В целом за 4 месяца 2020 года количественные и качественные показатели эксплуатационной работы по отношению к плану перевыполнены.



Как отметил заместитель директора Актобинского отделения ГП по Уральскому региону Мурат Махамбетов, среднесуточная выгрузка выполнена на 113%, перевыполнение достигнуто за счет поступления вагонов с местным грузом. Выполнение плана по динамической нагрузке груженого вагона составило 101,2%, среднесуточной производительности грузового вагона – 100,6%, среднесуточного пробега грузового вагона – 101,1%. Участковая скорость движения грузовых поездов выполнена на 100,6% к плану, техническая скорость – 100,5%, среднесуточный пробег локомотива составил 100%, среднесуточная производительность локомотива – 100,5%.

Плановые задания показателей работы грузовых вагонов по решающим станциям отделения Уральск, Жилаево, Казахстан и Илецк также выполнены. План отправления грузов по станции Казахстан выполнен на 129,1%. Отправление вагонов по станции Илецк – на 100,0%, Казахстан – 103,5%, Жилаево – 100,2%. Среднесуточная погрузка по станции Казахстан перевыполнена на 33,3%, выполнение к плану – 133,3%. Среднесуточная выгрузка по станции Уральск составила 107,1% к плану, по станции Казахстан – 107,7%, по станции Жилаево – 113,6%.

Выполнен также и качественный показатель – простой транзитного вагона с переработкой, без переработки, под одной грузовой операцией. Так, план по простою под одной грузовой операцией по станциям Уральск и Казахстан выполнен на 104,8%, Жилаево – на 103,5%, Илецк – на 100,3%. Плановое задание по простою транзитного вагона без переработки по станции Уральск выполнено на 128,2%, станции Илецк – на 101,0%, по простою транзитного вагона с переработкой по станции Уральск выполнено на 118,2%, Жилаево – на 178,1%, Казахстан – на 181,0%, Илецк – на 101,1%.

– Наш коллектив работает ответственно, слаженно, соблюдая все необходимые санитарные требования в условиях карантина, – подчеркнул Мурат Махамбетов.

*Фото автора*

НОВОСТИ

## ОБЪЕКТИВНОЕ СНИЖЕНИЕ

**1101,1 миллиона тонн грузов перевезено всеми видами транспорта в Казахстане за четыре месяца текущего года.**

Грузооборот за этот период составил 182,2 миллиарда тонно-километров, что по объективным причинам на 2,3% меньше аналогичного показателя прошлого года, сообщили в Союзе транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS».

Из-за введения ограничений в связи со вспышкой коронавирусной инфекции снизилось и количество перевезенных пассажиров по отношению к 2019 году. Так, с января по апрель 2020-го всеми видами транспорта перевезено 5611 миллионов пассажиров, а пассажирооборот за этот период составил 67,7 миллиарда пассажиро-километров, что на 25,9% меньше по сравнению с тем же периодом минувшего года.

*Роман ЛЮБИМОВ*

## ПО ПУТИ СОТРУДНИЧЕСТВА

**Дочерняя организация АО «НК «ҚТЖ» – АО «KTZ Express» – приняла участие в международной транспортной конференции TRANSESTONIA-2020.**

13-14 мая в онлайн-формате состоялась 11-я международная транспортная конференция TRANSESTONIA-2020, посвященная развитию транспортного коридора «Северный путь» из Китая в Швецию.

В мероприятии, проходящем в этом году в формате веб-конференции, приняли участие представители Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан, Министерства транспорта Российской Федерации, Министерства экономики и коммуникаций Эстонии, представители АО НК «ҚТЖ», АО «KTZ Express», ОАО «РЖД», Таллиннского порта и другие.

Основная цель конференции – обсудить и достичь договоренностей о дальнейшем развитии транспорта между Китаем и Швецией через территории Казахстана, России и Эстонии.

Ключевой темой онлайн-дискуссии стало распространение коронавирусной пандемии в Норвегии, Швеции и Эстонии. Участники предвидят крупные остановки в различных секторах экономики.

Очевидно, что возрастающую роль в сложившейся ситуации играет обеспечение курсирования скоростных контейнерных поездов между Китаем и Швецией.

Участники мероприятия считают, что с учетом ограниченных возможностей морских и воздушных перевозок запуск высокоскоростного соединения контейнерных поездов между Китаем и Швецией станет приоритетной задачей.

В своем выступлении руководитель АО «KTZ Express» Дмитрий Абдуллаев рассказал, что Казахстан имеет уникальное географическое положение: сухопутные, морские границы с семью государствами. И несмотря на эпидемиологическую ситуацию в мире, рост транзитных контейнерных перевозок через территорию Казахстана за 4 месяца 2020 года составил 29% в сравнении с аналогичным периодом 2019 года.

– На маршрутах через Казахстан созданы все условия для принятия и обслуживания грузопотоков с обеспечением комплексного сервиса и соблюдением всех необходимых санитарно-эпидемиологических норм. Мы открыты для сотрудничества и готовы участвовать в совместных проектах, – подчеркнул он.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

ЦИФРА НОМЕРА

**В АПРЕЛЕ ТЕКУЩЕГО ГОДА ПО СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» ПОГРУЖЕНО СВЫШЕ**

**20 МЛН ТОНН**

**ГРУЗА**

ЖАҢАЛЫҚТАР

## ВОКЗАЛДАР ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



**Елімізде жолаушылар пойызы қатынасының іске қосылатыны халық үшін жағымды жаңалық болды. Барлық жерлерде вокзалдар ашылып, 15 мамырдан бастап билет кассалары жұмысын жандандырды.**

Атырау магистралдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Айбек Қуанышев 1 маусымнан бастап жолаушылар пойыздары кезең-кезеңмен жүргізіле бастауына орай, Атырау облысы өңіріндегі вокзалдар жолаушыларды қабылдауға дайын дейді. Алайда, оның айтуынша вокзалға бұрынғыдай кім болса соның емін-еркін кіруі тоқтатылады, тек қана билет сатып алушылар ғана кіргізіледі. Атырау өңіріндегі 8 вокзалда (Атырау, Құлсары, Ганюшкино, Мақат, Сағыз, Жантерек, Доссор, Аққыстау) 15 мамырдан бастап билет кассалары жұмысын бастады. Соның ішінде Атырау вокзалында «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 4 билет кассасы, қалғандарында бір бірден жұмыс істейді. Ал жеке кассалар әзірге жабық.

Қазіргі уақытта және пойыз қозғалысы басталған кезде вокзалға кіреберісте арнайы қызмет мамандары жолаушының температурасын тексеріп, маскамен ғана кіргізеді. Шығарып салушыларға кіруге рұқсат жоқ. Күту залында орындықта және касса кезегінде тұрғандарға да бір метр ара қашықтық сақталады. Пойызға отырғызу басталған сәтте де тек қана билеті бар жолаушылар кіргізіледі. Егер де мүгедек жандар болса, оларды вокзал қызметкерлері өздері вагонға отыруына жәрдем жасайды. Айбек Қуанышевтің айтуынша, вокзалдардағы дизенфекциялық жұмыстар өз күштерімен тұрақты өткізіліп тұрады. Ал Ресейге қатынайтын Атырау-Астрахань пойызы және Атырау арқылы өтетін халықаралық басқа да пойыздар әзірге жүрмейді, олар пойыз қатынасын жаңартудың келесі кезеңдерін қамтиды.

*Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау*
*Суретті түсірген автор*

**Төтенше жағдай тәртібі алынып, карантин талаптары жеңілдетілгесін халық бірте-бірте қалыпты өмірге оралуда. Жолаушылар пойызының қатынасына дайындық кезеңі де қайта басталып, кассаларда теміржол билеттері сатыла бастады.**

Маңғыстауда теміржол билеттерінің сатылымы мамырдын 15-нен кезең- кезеңімен жолға қойылуда. Сол күннен бастап №309/310 «Маңғыстау-Ақтөбе» және жұп күндері жолға шығатын №37/38 «Маңғыстау -Нұр-Сұлтан - Нұрлы жол» бағыттарының билеті сатылуда. Ал пойыздар қозғалысы маусымнан басталмақ. 1 маусымнан Маңғыстау станциясынан Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтөбе және Маңғыстаудың Бейнеу бағыттары бойынша жолаушылар пойыздары қатынауын жалғастырады. Алғашқы болып жаздың бірінші күні Маңғыстау станциясынан «Маңғыстау – Ақтөбе», 2 маусымнан «Маңғыстау -Нұр-Сұлтан - Нұрлы жол» пойыздары жолға шығады. Басқа бағыттар да бірте бірте бұрынғы жүру кестесіне қайта келтіріледі. Мұнда әрине, карантин тәртібіне байланысты бекітілген талаптар қатаң сақталады. Қозғалыс теміржол вокзалы, жолсеріктер мен жолаушылар арасында, вагонның ішінде белгіленген ереже-тәртіптер аясында қамтамасыз етіледі.

– Елімізде карантин енгізілгенге дейін пойызға билет сатып алып, кейін тапсыруға үлгермей қалған адамдар өз билеттерін кассаларға келіп тапсыруына болады. Қазір бізге мұндай тұрғындар жиі хабарласады. Ал енді төтенше жағдайдан кейінгі қозғалыс туралы айтсақ, халық тиісті талаптарға бойсұнуы керек. Адамдардың көп шоғырлануына байланысты вокзал ішінде және сыртында 1 метр арақашықтықты сақтау маңызды. Осы мақсатта адамдардың бір-бірінен алшақ тұруы үшін арнайы белгілер қойылады, – дейді бұл туралы Маңғыстау вокзалының бастығы Алма Айымқұлова.

*Айсұлтан АРМАН, Маңғыстау*
*Суретті түсірген автор*

КӨКТЕМП БАЙҚАУ

## ӨЗЕНДЕ ӨТКЕН ТЕКСЕРІС

COVID-19 індеті таралуының алдын алу мақсатында елімізде көпшілік іс шараларға тыйым салынды. Соған орай, теміржолдағы биылғы көктемгі байқау да ерекше тәртіпте жүргізілді. Яғни, жылдағыдай бөлімшеден шығатын топтық комиссия жоқ, тексеріс жергілікті басшылыққа жүктелді.

**Шахида ЖҰМАН,**
*Маңғыстау*



Жуырда Өзен станциясындағы байқау да жылдағыдай НОДГП-14, НЖС-14, РБ-14 басшыларымен жасақталған комиссиясыз, жергілікті теміржолшылардың өз күшімен өтті, дегенмен филиал басшыларының назарында болды.

– «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрғасынның бірінші орынбасары Қ. Әлмағамбетовтың 20 наурыздағы №00046 телеграфтық нұсқауы бойынша көктемгі тексерісті наурыз айының 30-нан бастап мамыр айының 15 аралығында өткізу туралы арнайы бұйрық бар. Осыған орай Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің Өзен станциясында мамыр айының 4-5 күндері ДС, ТД-30, ПТО мекемелері басшыларымен көктемгі тексеріс ұйымдастырылды. Еліміздегі коронавирус індетіне байланысты көп адамның жиналуына тыйым салынғандықтан тексеріске тек жауапты адамдар ғана қатысты. Атап айтқанда Өзен станциясы бастығы Самат Сариев, Өзен айналым локомотив депосы ТД-30 бастығы Амандық Аралбеков және Өзен станциясының техникалық қызмет көрсету пункті бастығы Жолмұрат Есибаев және мен болдым, – дейді Өзен станциясы бастығының орынбасары Самал Зулпыхаров.

Олар маусымдық байқау кезінде барлық бағытты қамтуға тырысқан. Соның ішінде теміржолшылардың қызметін реттейтін жұмыс орнында Нормативтік құқықтық актілер және Нормативтік техникалық құжаттардың болуына және олардың жүргізілу тәртібіне, өндірістік-техникалық ғимараттардың жай-күйі, яғни, ас бөлмесі, жуынатын бөлмелердің жағдайы, бөлмелердің эстетикалық сипатын жақсартуға, жылжымалы құрамдардың қазіргі жағдайына жіті көңіл аударған.

Сонымен қатар қозғалыс қауіпсіздігін анықтау, табантежегіштердің 88-ЦЗ бұйрығының талаптарына сәйкестігіне, кызметкерлердің жұмыс барысында 523-ЦЗ бұйрығына сай өзара радио байланысына, маневрлік қозғалыс кезінде пойыз құрастырушылардың іс-қимылына, вагондарға мініп-түсу процесіне, табантежегіштерді бекіту жұмыстарына бақылау жасап, станция кезекшісінің міндетін өз деңгейінде атқара білуін қадағалады.

Сондай-ақ, станция қызметкерлерінің жазғы жұмыстарға әзірлігі пысықталды. Олардың жазғы формалармен толық қамтылуы, жұмысқа қажетті құрал-жабдықтарының түгел болуы, практикалық және теориялық білімдері, еңбек қорғау, өрттен сақтану және өндірістік жарақатқа жол бермеу шараларының жүргізілуі жайы тексерілді. Нәтижесінде кемшіліктер де анықталды. Соның ішінде станцияның өзінен – 9, ТД-30-дан – 12, ПТО мекемесінен – 9 кемшілік табылды. Оның бесеуі проблемалық кемшіліктер.

Бұл жөнінде ақпарат берген Өзен станциясы бастығының орынбасары Самал Зулпыхаровтың айтуынша, аталған кемшіліктерді қайталамау үшін қажетті жоспар жасақталып, тиісті шаралар қолданылған.

*Суретті түсірген автор*

СЕРВИС

## ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДАҒЫ ҰЖЫМ

«Вагонсервис» АҚ-ның жолаушы вагондарын жөндеу жөніндегі Батыс филиалы жылдың алғашқы тоқсанын жоғары нәтижемен аяқтады. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде айтарлықтай көрсеткішке жеткен ұжым, республика бойынша алғашқы үштіктің қатарынан көрініп отыр.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
*Ақтөбе*



«ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша «Вагонсервис» АҚ-ның үш филиалы бар. Оңтүстік пен Солтүстік аймақтарымен салыстырғанда Батыс бөлімшесі ең үлкен филиал болып саналады. Яғни ең үлкен жұмыс көлемі де осында. Ақтөбе, Орал, Атырау, Қызылорда, Ақтау және Түркістан секілді алты қаладағы телімдер Ақтөбеден басқарылады. Филиал басқалармен салыстырғанда екі есеге дерлік артық вагондарға қызмет көрсетуіне қарамастан онда қозғалыс қауіпсіздігінде кемшіліктер жоқтың қасы. 2019 жылы қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты бірде бір кемшілік, ақау тіркелмеген. 2020 жылдың алғашқы тоқсанында да қозғалыс қауіпсіздігінде кемшіліктер жоқ. Бұл – өте жақсы көрсеткіш.

«Вагонсервис» АҚ жолаушылар вагондарын жөндеу жөніндегі Батыс филиалы директорының орынбасары Жандос Алпысбаевтың айтуынша, 2020 жылдың төрт айында Техникалық қызмет көрсету -1 (ТКҚ-1) талабымен, яғни рейс алдындағы техникалық тексеріс бойынша 12 143 вагон дайындалған. Техникалық қызмет көрсету -2 жөндеу түрі бойынша жазғы тасымалдаудың алдында жоспарлы түрде жөндеуден 133 вагон өткен. Сондай-ақ, Техникалық қызмет көрсету -3 жөндеу түрімен алты айда өткізілетін ревизиялық жұмыстар бойынша 274 вагонға қызмет көрсетілген.

Салыстыра кетсек, Батыс филиалы бойынша 2019 жылы Техникалық қызмет көрсету -1 талабымен 53 мың 27 вагон дайындаған еді. Техникалық қызмет көрсету -2 жұмыстары негізінде 522 вагон жөнделіп, ТКҚ-3 бойынша 976 вагон ревизиядан өткен. Филиалдағы барлық жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылуда. Кешігу не кейінге қалдырылған жұмыстар жоқ. Вагондардың тоқ беру жүйесі, доңғалақтары, аккумуляторлары, есік-терезелері, жалпы техникалық-материалдық жағдайы мұқият қаралып, күрделі жөндеу жұмыстары уақытында жасалып жатыр.

– Ұжымда қазір 1126 адам жұмыс істеуде. Олардың дені тәжірибелі электрик, моторист, аккумуляторшы, вагон жуушы, эпикировшы-жабдықтаушы секілді мамандар. Жолаушылар пойызының жарақты болуы ең алдымен оның жөндеу сапасына байланысты. Сондықтан вагон жөндеу жұмысында ең алдымен қауіпсіздік пен сапалы қызметке баса көңіл бөлінеді. Жолаушылар вагонның таза болып, жарық пен су, шайдың қайнап тұруы, желдеткіштің жұмыс жасауы сынды ең басты қажеттіліктерге ғана көңіл бөліп жатады. Олар біздің толып жатқан бөлшектер мен тораптардан тұратын жылжымалы құрамның барлық техникалық қауіпсіздігіне жауап беретінімізді біле бермейді. Тексеріс кезінде әсіресе, тежегіш жүйесі, қосалқы дөңгелек, автотежегіштің жұмыс жасауы қатаң бақыланады, – дейді вагон депосы бастығының орынбасары.

Қазіргі уақытта мекемеде вагондарды қысқы және жазғы тасымалдаудың алдындағы жоспарлы түрде жөндеуден өткізуді қамтитын ТКҚ-2 жұмыстары жасалып жатыр. Вагондардың іші-сырты боялып, санузелдер мен су қайнатқыштары ауыстырылып, желдеткіштер жұмысы тексерілуде. Сонымен қатар, терезелерді ашу, вагондарды толық тазалау секілді жұмыстар да осы кезде өтеді.

Филиалдың басты ерекшелігі - 1997 жылдан бастап үздіксіз жұмыс жасап тұрған автоматтандырылған вагон жуу қондырғысы. Бұл тек Алматы және Ақтөбе филиалдарында ғана бар. Ақтөбеде алдымен пайда болған. Тазалау кезінде жұмысшы күші қолданылмайды. Арнайы машина арқылы қас қағым сәтте бірнеше вагон тазартылады. Соның арқасында, яғни осы автоматтандырылған вагон жуу қондырғысының арқасында бір күнде 50-60 вагон тазалау мүмкіндігіне қол жеткізіп отыр.

– Жалпы, 655 вагонға тұрақты қызмет көрсетеміз.144 вагон - Қытай өндірісінен шыққан вагондар. 2019 жылы Ресейден әкелінген 73 жаңа вагон бар. 59 украиналық вагон және 165 ескі вагон бар. Барлығы 13 пойыз және 20 шақты тіркелмелі вагондарымыз бар. Вагон жөндеу, қозғалыс қауіпсіздігі бойынша бүгінгі таңда бірінші орында екенімізді мақтанышпен айта аламыз, - дейді ол.

Филиалдың осындай жетістіктерге жетуіне вагоншылар ұжымын бес жылдан бері басқарып отырған тәжірибелі теміржолшы Теміржан Төреханұлының үлесі зор.

*Суретті түсірген автор*

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

## ТІЛСІЗ ЖАУМЕН КҮРЕС: САЛҒЫРТТЫҚ САН СОҚТЫРМАСЫН

Өрт – тілсіз жау деп бекер айтпайды. Табан асты жан жағын жайпап өтіп, қыруар шығынға батыратын өртті болдырамаудың бірден-бір жолы – оның алдын алу. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы бойынша 10 өрт оқиғасы тіркелген. Бұл - былтырғыға қарағанда бір көрсеткішке кем.

**Сұлугүл БАКЕСОВА**



Өрт оқиғасы Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі аумағында 4 мәрте орын алса, Қостанайда 2 рет, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Ақтөбе өңірлерінде бір-бір оқиғадан тіркелген. Атап өтерлігі, соңғы үш аймақта өткен жылы бірде-бір өрт оқиғасы болмаған еді. Ақмола, Павлодар,Семей, Атырау, Қызылорда, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшелерінде биыл бірде-бір өрт оқиғасы тіркелмегенін де атап өткен жөн.

Биыл болған 10 өрт оқиғасының шығу себептері де әртүрлі. Төрт жағдайда, өрт қауіпсіздігі нормаларының бұзылуы болса, 3 жағдайда жабдықтардың техникалық істен шығуы, 2 жағдайда қысқаша тұйықталу, 1 жағдайда дала өрті себеп болған. Өрт оқиғалары жолаушылар вагондары мен локомотивтерде, сондай-ақ, жүк вагондары мен жер төсемінде орын алған.

Өрт оқиғаларының шығуын алдын алу мақсатында үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында 27 мыңнан астам өрт-техникалық тексеру жұмыстары жүргізіліп, 6,6 мыңнан астам Компания мен еншілес ұйымдарының нысандарында өрт қауіпсіздігі нормаларының (ӨҚН) бұзушылығы анықталған. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзушылығына жасалған талдауға сүйенсек, 2019 жылмен салыстырғанда биыл компания мен оның еншілес ұйымы бойынша ӨҚН бұзушылығының саны 8% артқанын байқаймыз. Есепті мерзім ішінде өрт шығу қаупі бар нысандарға қатысты 261 ескерту берілді. Ескертулер көбінесе, өрт белгі беру жүйелерінде, қызметтік-техникалық вагондарда, жүк вагондарында, локомотивтерде, электр телімдерде, стационарлық нысандарда берілген.

«Жыл сайын өртке қарсы режимнің қайталанып бұзылуы, яғни жылу, желдету, түтінге қарсы қорғау жүйелерінің, электр қондырғылары, өртке қарсы сумен жабдықтау, байланыс құралдары, өртті сөндіру сияқты құрал-жабдықтардың істен шығуы нысандағы өрт қауіпсіздігіне жауапты басшылардың орындаушылық міндет-тәртібінің тиісті деңгейде еместігін айқындай түседі», – дейді Магистральдық желі дирекциясына қарасты Өрт қауіпсіздігі департаментінің басшысы Бақытжан Ділімбетов.

Ол Компанияның бірқатар құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары өрт қауіпсіздігіне жауапты басшылар мен қызметкерлердің мамандандырылған ұйымдарда өрт-техникалық минимумы бағдарламасы бойынша оқытылуын әлі күнге жүргізбегендерін қынжыла жеткізді. Шын мәнінде, жоғарыда көрсетілген Өрт қауіпсіздігі нормаларын бұзушылықтар аса көп қаржылық шығындарды қажет етпейді екен. Кәсіпорын жетекшілері өрт сөндіру, өртке қарсы жабдықтар мен сумен жабдықтау құралдарының техникалық жағдайына, өрт автоматикасы және дабыл беру жүйелерінің сервистік қызметіне, ағаштан жасалған конструкциялардың өрттен қорғану құрамымен өңдеу, электржелілерін оқшаулау сияқты дүниелерге дер кезінде көңіл бөліп, қарамайтын салғырттығы сан соқтыруы әбден мүмкін екенін айтады департамент жетекшісі.

Айта кететін жайт, Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне жыл сайын аймақтық және желілік деңгейде өрт шыға қалған жағдайда қалай әрекет етіп, іс-қимыл жасау керектігіне машықтайтын оқу-жаттығулар өткізіліп тұрады.

Биыл бірінші тоқсанда 59 оқу-жаттығу өткізу жоспарланған болатын, алайда, оның тек 39-ы өткізіліпті. Таратып айтсақ, 13 жаттығу ғимаратта, локомотивтер мен арнайы жылжымалы құрамдарда төрт-төрттен, үш-үштен жүк және жолаушылар вагондарында болса, қалған 12 жаттығу вокзалдарда, тағысын тағы стратегиялық нысандарда өткізілген.

Межелі оқу-жаттығулардың толықтай өткізілмей, тоқтап қалуына ҚР Президентінің Жарлығымен короновирус індетінің елге таралмауының алдын алу бойынша шараларды күшейту туралы Төтенше жағдайдың енгізілуімен карантин жариялануы себеп болған.

Десе де, өрт қаупі басым, яғни аптап ыстық болатын жаз маусымының таяп келе жатқанына байланысты теміржол төсемі маңындағы екпе ағаштар мен дала алқабында болып жататын өрттің алдын алу және жоюға бағытталған жоспар аясында бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр екен. Атап айтсақ, теміржол бойындағы дала алқабын және екпе ағаштардың ағымдық күтімін жасау бойынша өртке қарсы жұмыстарды орындау үшін автотракторлық техника дайындалып жатқан көрінеді. Иә, елде төтенше жағдайдың енгізілуімен біраз шаруаның тоқтап қалып, қолбайлау болғаны жасырын емес. Ал тілсіз жау елде карантин кезеңі жарияланғанына қарай ма...

Мәселен, 30 сәуірдегі жағдайды алып қарайтын болсақ, Компания бойынша жол бойындағы алқаптарда 6 өрт оқиғасы тіркелген. Бұл өрт ұшқындары даладан, саяжай массивтерінен, автожолдан келген және пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндірген. Төтенше жағдайлар департаментінің бөлімшелерінің атсалысуымен сөндірілген.

«Карантин жағдайында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бірінші кезектегі мәселе болып қалмақ. Соның ішінде жолаушылар пойыздарындағы өртке қарсы жағдай алаңдатпай қоймайды. Өйткені, ЖТ шаруашылығында биыл тіркелген 3 өрт оқиғасының екеуі, жолда келе жатқан жолаушылар пойызында шыққан. Пойыз бригадасы қызметкерлерінің қырағылығының арқасында өртті дер кезінде тұншықтырып, жолаушылардың қауіпсіздігі сақталды әрі көп материалдық шығынға жол берілген жоқ», – деді Бақытжан Нәлібайұлы.

*Суретті түсірген автор*

ИНТЕРВЬЮ

# ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ – БЕЗ ПЕРЕБОЕВ

Пандемия коронавируса внесла серьезные изменения в жизнь казахстанцев. Многие предприятия остановили работу, прекратилось авиасообщение, остановлено пассажирское железнодорожное сообщение, опустели улицы городов.

Однако с момента введения чрезвычайного положения на территории Республики Казахстан грузовое железнодорожное сообщение не прерывалось ни на один день – как внутри государства, так и с соседними железнодорожными администрациями. О том, как национальный перевозчик грузов справляется с новыми вызовами, какие меры защиты принимает, рассказал председатель правления – генеральный директор АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Кайрат Саурбаев.



**– Кайрат Абенович, как работается железнодорожникам в условиях карантина? Каковы показатели перевозочной деятельности за этот сложный для страны период?**

– Сегодня на железнодорожниках лежит огромная ответственность. Перевозка продовольственных и промышленных грузов должна обеспечиваться бесперебойно. В своем обращении в эфире республиканских телеканалов Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев отметил, что режим ЧП в Казахстане, действовавший с 16 марта по 11 мая текущего года, не должен отразиться на грузоперевозках. В такой сложный для экономики и казахстанцев период железнодорожный транспорт сохранял важную стратегическую роль.

В апреле по сети АО «НК «ҚТЖ» погружено свыше 20 миллионов тонн груза. В том числе более 8,5 миллиона тонн угля, что на 11% выше показателя за аналогичный период прошлого года. Казахстанским потребителям доставлено 5,6 миллиона тонн твердого топлива, рост составил 12%. На экспорт погружено 2,9 миллиона тонн угля, что на 9% выше уровня апреля 2019-го.

В апреле на 31% выросли перевозки железных и марганцевых руд, на 12% – продуктов перемола внутри страны, цветной руды и серного сырья – на 13,3%. Погружено свыше 640 тысяч тонн зерна, в том числе на экспорт отправлено 425 тысяч тонн.

Эксплуатационный грузооборот за апрель превысил прошлогодний уровень на 3,5% и составил 18,7 миллиарда тонно-километров нетто. По итогам января-апреля этот показатель достиг более 73 миллиардов тонно-километров нетто, что выше уровня аналогичного периода прошлого года на 2,6%.

Вместе с тем рост эксплуатационного грузооборота по итогам четырех месяцев достигнут за счет увеличения перевозок в экспортном сообщении в апреле на 0,42 миллиарда тонно-километров нетто и транзитном сообщении на 1,07 миллиарда тонно-километров нетто к показателю прошлого года. Данная тенденция роста перевозок продолжается и в мае.

В целом за четыре месяца погружено 80,5 миллиона тонн груза. В частности, 34,6 миллиона тонн угля, в том числе для казахстанских потребителей 25,5 миллиона тонн, что на 4,8% выше данных за четыре месяца прошлого года.

Погружено 2,9 миллиона тонн зерна, 7,1 миллиона тонн цветной руды и серного сырья, 5 миллионов тонн строительных грузов, 8,3 миллиона тонн железных и марганцевых руд.

Следует отметить, что в международном грузовом железнодорожном сообщении наблюдается рост объемов перевозок, в том числе с Китаем. Объем железнодорожных грузовых перевозок в апреле между РК и КНР вырос на 48% и составил 1,8 миллиона тонн. В целом за четыре месяца текущего года этот показатель составил свыше 6 миллионов тонн, что на 28% выше аналогичного периода 2019 года.

**– Как обеспечивается безопасность железнодорожников?**

